



Жәнібек ауданының Жақсыбай, Талов және Борсы ауылдық округтерінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 сәуірде № 27433 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес,
ШЕШТІМ:

1. Жәнібек ауданының Жақсыбай, Талов және Борсы ауылдық округтерінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Жәнібек ауданы әкімінің орынбасары Абдолов Жаксылық Каримуллинович тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жәнібек ауданының әкімі

А. Сафималиев